

Батыс Қазақстан облысының әкімдігі

Батыс Қазақстан облысы
әкімдігінің 2024 жылғы 13
желтоқсандағы № 345 қаулысы

Акимаг Западно-Казахстанской области

**Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 23 мамырдағы №91
«Батыс Қазақстан облысы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға
мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін
бекіту туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы**


Батыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 23 мамырдағы №91 «Батыс Қазақстан облысы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28361 тіркелген) қаулысына келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1, 2 - қосымшалары осы қаулының 1, 2 - қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Қ.Е. Мендигалиевке жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі**Н. Төреғалиев**

«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код

ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің
2024 жылғы _____
қаулысына 1-қосымша

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің
2022 жылғы 23 мамырдағы №91
қаулысына 1-қосымша

**Батыс Қазақстан облысы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға
мемлекеттік білім беру тапсырысы**

Ел-ді-ме-кен	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының түрлері					
	Тәр-биеле-ну-шілер-саны	Айына бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге)				
		10,5 сағаттық болу режимі бар топтар, оның ішінде шағын орталықтар	9 сағаттық болу режимі бар топтар, оның ішінде шағын орталықтар	Туберкулез, аллергия ауруымен ауыратын, қант диабетімен ауыратын, әлсіреген және жиі ауыратын балалар тобында 10,5 сағаттық болу режимі бар	10,5 сағаттық режимі бар түзету түріндегі топта	Толық емес күн болатын топта, жалпы білім беретін мектеп жанындағы мектепалды даярлық сыныбында
қала	22266	55659	51243	83315	100163	24550
ауыл	11834	62067	56904	93928	113429	27380

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің
2024 жылғы _____
қаулысына 2-қосымша

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің
2022 жылғы 23 мамырдағы №91
қаулысына 2-қосымша

Батыс Қазақстан облысы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері

№	Аймақтың атауы	Айына ата-ананың ақы төлеу мөлшері (тенге)				
		Мектепке дейінгі ұйымдардың түрлері				
		Тәрбиеленушілер саны	Балабақша/ бөбекжай (3 жасқа дейін / 3 жастан бастап)	Балалар толық күн болатын шағын орталық (3 жасқа дейін / 3 жастан бастап)	Балалар жарты күн болатын шағын орталық (3 жасқа дейін / 3 жастан бастап)	Жеке меншік мектепке дейінгі ұйымдар (3 жасқа дейін/ 3 жастан бастап)
1	Ақжайық ауданы	966	12500/13000	10000/10500	-	14500/15000
2	Бәйтерек ауданы	2042	15533/19442	15533/19442	-/9990	40000/40000
3	Бөкей ордасы ауданы	610	12800/13000	-	-	-
4	Бөрлі ауданы	592	14000/15000	-	-	-
5	Жаңақала ауданы	938	13200/16500	-/13200	-	13650/16500
6	Жәнібек ауданы	733	11000/14100	-	-	-
7	Казталов ауданы	1553	14780/ 16961	9000/ 10000	-	10000/ 10000
8	Қаратөбе ауданы	670	13000/16000	-	-	13000/16000
9	Сырым ауданы	804	13378/15610	-	-	16839/17005
10	Тасқала ауданы	695	15748/18063	-	-	16000/18437
11	Теректі ауданы	1657	12156/17993	-	-	18000/18000
12	Шыңғырлау ауданы	574	16230/18520	-	-	-
13	Орал қаласы	19606	18000/20000	-/18000	-	45000/45000



Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық
актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов
Республики Казахстан в электронном виде

Редакциялау күні 13.12.2024
Сақтау күні 13.01.2025
Дата редакции 13.12.2024
Дата скачивания 13.01.2025

14	Ақсай қаласы	2660	19000/20000	-	-	40000/45000
----	--------------	------	-------------	---	---	-------------